



Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлауды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды үйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 қарашада № 17800 болып тіркелді.

**Ескерту. Бүйрүқтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

"Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 16 - бабы 3 - тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының 5.1.1, 5.1.2, 5.1.3 және 5.1.4 тармақтарына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, , еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлауды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды үйымдастыру және қаржыландыру қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

2. Осы бүйрүққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бірнеше бүйрүқтарының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3)осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрықты нақты жарияланған күннен бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

E. Сагадиев

Білім және ғылым министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

2018 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 26 қарашадағы  
№ 646 бұйрығына  
1-қосымша

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, "Мәңгілік ел жастары - индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлауды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдастында кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды үйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

**Ескеरту.** Қағиданың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды үйымдастыру және қаржыландыру қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлау, сондай-ақ колледждер мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды үйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бизнес-тренер – даму, сондай-ақ бизнес-жобалардың қатысуышыларын кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды сүйемелдеу үшін қажетті кәсіби құзыреттіліктері мен дағдылары бар жеке тұлға;

2) мобиЛЬДІ оқу орталығы – практика және оқыту орнына конструктивтік элементтер мен құрал-жабдықтарды тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз етумен қоса қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын жылжымалы оқу орталығы;

3) мобиЛЬдік топ – аудандық (қалалық) комиссияның шешімімен әрбір елді мекенде ТжКБ бар кадрларды даярлауға үміткерлер іздеу және тізімін қалыптастыру үшін құрылатын топ. МобиЛЬді топтардың құрамына қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдіктерінің, білім беру үйімдарының, білім беру және жұмыспен қамту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіреді;

4) оқу өндірістік жабдық – білім алушыларда кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыру үшін білім беру процесінде пайдаланылатын оқытудың материалдық құралдары, сондай-ақ білім беру мақсатында пайдаланылатын әртүрлі машиналар мен тетіктердің жиынтығы;

5) шетелдік әріптең (ұйым) – білім беру үйімдарына халықаралық стандарттарға сәйкестігіне оқыту бағдарламаларын дайындауда, педагогтерді мәлімделген кәсіп (мамандық) бойынша оқытуда, қолдауда және бағалауда, сұранысқа ие және жаңа кәсіптер (мамандықтар) бойынша сұранысқа ие жабдықтар жөнінде ұсынымдар беруде жәрдем көрсету мақсатында "Жас маман" жобасы шенберінде тартылатын занды және/немесе жеке тұлға.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

**2-тарау. ТжКБ кадрлар даярлауды үйімдастыру және қаржыландыру тәртібі**

**1-параграф. ТжКБ кадрлар даярлауды үйімдастыру тәртібі**

3. "Халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан, ағымдағы және өткен жылғы 9-11-сыныптардың түлектері, кәсіптік білімі жоқ және оқу орындарына түспеген адамдар, жұмыс ізден жүрген адамдар, жұмыссыздар, табысы аз және/немесе көпбалалы отбасылардың мүшелері, сондай-ақ "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағында көрсетілген азаматтардың өзге санаттары ТжКБ бар кадрларды даярлау бағдарламасының қатысушылары болып табылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 03.04.2020 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Бағдарламаны іске асыру үшін өңірлік комиссия құрады. Өңірлік комиссияның құрамы жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілердің, кәсіптік одақтардың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың "Атамекен" өңірлік кәсіпкерлер палатасының

(бұдан әрі – "Атамекен" ӨКП) өкілдерінің (комиссия мүшелерінің кемінде 50%-ы кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер өкілдерінен) қатарынан жеті адамнан тұрады.

5. Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия құрады. Аудандық (қалалық) комиссияның құрамы жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың, жұмыс берушілердің, кәсіптік одактар өкілдерінің қатарынан кемінде жеті адамды құрайды (комиссия мүшелерінің кемінде 30%-ы кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер өкілдерінің қатарынан).

6. Өңірлік комиссия білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның ұсынымы бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлауды жүзеге асыру үшін оқу орындарының және мамандықтардың тізбесін қалыптастырады және бекітеді, сондай-ақ білім беру ұйымдары және мамандықтар бойынша орындарды бөледі.

7. ТжКБ оқу орындары тізбеге мыналар бар болған жағдайда енгізіледі:

1) техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша білім беру қызметіне лицензиясы;

2) ТжКБ саласында білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша кемінде үш жылдық тәжірибесі болған кезде тізбеге енгізіледі.

8. Мамандықтар мен біліктіліктер тізбесі халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар халықты жұмыспен қамту орталықтарымен, "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамымен (бұдан әрі – "ЕРДО" АҚ) және "Атамекен" ӨКП бірлесіп жүргізетін өнірдің еңбек нарығының қажеттілігін талдау мен болжау ескеріле отырып айқындалады.

9. ТжКБ бар кадрларды даярлау бойынша мамандықтар тізбесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17564 болып тіркелген) бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы" негізінде айқындалады.

10. Аудандық (қалалық) комиссияның шешімімен әрбір респубикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалада, астанада, ауданын/қаланың кенттік, ауылдық округтерінде мобиЛЬДІ топтар құрылады.

11. МобиЛЬДІ топтардың құрамына қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдіктерінің, білім беру ұйымдарының, аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру және жұмыспен қамту мәселелері

жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, жергілікті полиция қызметінің, жастар ұйымдарының өкілдері мен волонтерлер кіреді.

12. Бағдарламаға сәйкес мобиЛЬДІК топтар 10 тамызға дейінгі мерзімде ТЖКБ бар кадрлар даярлауға өтініш бергендер арасынан үміткерлерді аула аралau арқылы іздеуді жүзеге асырады және тізімді қалыптастырады. МобиЛЬДІК топтар "Еңбек биржасы" мемлекеттік интернет-ресурсы арқылы халықты жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТЖКБ бар кадрларды даярлауға үміткерлер туралы ақпаратты 3 (үш) жұмыс күні ішінде жолдайды.

13. Халықты жұмыспен қамту орталығы "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы деректердің дұрыстығын тексереді және 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тексеріс нәтижелері туралы аудандық (қалалық) комиссиялардың қарастыруы мен бекітуі үшін ұсынуға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына хабарлайды.

14. Халықты жұмыспен қамту орталықтарының үміткерлердің деректерін тексеру нәтижелері негізінде аудандық (қалалық) комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде Бағдарламаға қатысуышылардың тізімін бекітеді.

15. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары аудандық (қалалық) комиссия шешімінің негізінде аудандық (қалалық) комиссия шешімін алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оқу орындары мен ТЖКБ бар кадрларды даярлау туралы шарт жасайды.

16. Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп аудандық (қалалық) комиссия шешімінің негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бағдарламаның қатысуышыларына хабарлайды және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарламаның қатысуышыларына оқуға жолдама (бұдан әрі - жолдама) береді.

17. Бағдарламаға қатысуға үміткерлер аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар/ қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдіктерінің берген бағыттар негізінде білім беру ұйымына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

18. Білім беру ұйымына өтініш берген кезде үміткерлер мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) "Білім туралы мемлекеттік ұлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес білім туралы құжат (аттестат, куәлік) (бұдан әрі - № 39 бұйрық););

3) Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 9-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтамасы;

4) "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтардың санатын растайтын анықтама (бар болса) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13369 болып тіркелген);

5) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар берген жолдама.

Кәмелетке толмаған үміткердің жеке басын қуәландыратын құжаттарды жеке өзі не ата-анасы немесе занды өкілдері ұсынады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, көрсетілетін үміткерді осы аумақтағы тікелей білім беру үйымдарына шектеу іс-шараларының алдынуына, төтенше жағдайдың қолданылуының тоқтатылуына қарай осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсынады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Топтарды жасақтау 31 тамызға дейін жүргізіледі, жыл ішінде осы Қағидалардың 20 және 28-тармақтарына сәйкес жабдықталуға рұқсат етіледі.

20. Оқу орындары үміткердің оқудан бас тартқан жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына 3 (үш) жұмыс күн ішінде хабарлайды. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар үміткер оқудан бас тартқан жағдайда басқа үміткерлер іздестіруді жүзеге асыру үшін аудандық (қалалық)

денгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарды ақпараттандырады. Оқудан бас тартқан қатысушыны басқа адаммен оқытуға жолдама алған сэттен бастап ауыстыру 30 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады.

21. ТЖКБ бар кадрлар даярлау бойынша Бағдарлама қатысушыларын оқуға қабылдауды өңірлік комиссия шешімі негізінде оқу орнының басшысы жүзеге асырады.

22. Білім беру үйымы бағдарламаның қатысушыларын оқуға қабылданғаннан кейін жолдамаға хабарламаны аудандық (қалалық) денгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға/қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдігіне қайтарады.

23. Бағдарламаның қатысушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары бойынша білім алады.

24. Облыстық денгейдегі, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары ай сайынғы негізде есепке алынған үміткерлер бойынша (электрондық түрде портал/қолмен) халықты жұмыспен қамту орталықтарына оқытын адамдар бойынша ақпаратты (Т. А. Ә. (бар болған жағдайда), ЖСН, тұратын жерінің мекенжайы) есепті айдан кейінгі айдың 3-күніне дейінгі мерзімде ұсынады.

25. Оқу орны білім алушыларды қабылдағаннан кейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағдарламаның оқуға қабылданған қатысушылары туралы есепті 1 қазанға дейін ұсынады.

26. Бағдарламаның қатысушыларын оқыту ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 65 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13149 болып тіркелген) бекітілген Сыныптауышқа сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім үшін оқыту мерзімдері және білім беру деңгейлері бойынша кәсіптер мен мамандықтардың тізбесіне сәйкес анықталады.

27. Білім беру үйымы Бағдарламаға қатысушыларды:

- 1) білім беру үйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабактан себепсіз қалған;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізлімінде № 5191 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына (бұдан әрі - № 125 бұйрық) сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда оқудан шығарады.

28. Бағдарламаға қатысушыны оқудан шығарған жағдайда босаған орындарға демалыс кезеңінде емес, үміткерлердің келесі санаттарын ауыстыру немесе тіркеуге болады:

оку мекемесіне түспеген 9-11 сынып түлектері (оку жылы басталғаннан кейін бірінші ай ішінде);

ақылы негізде білім алушылар, соның ішінде туыстық біліктіліктер бойынша.

Үміткер білім беру үйымының басшысының атына ерікті түрде босаған орынға оны ауыстыру немесе енгізу туралы өтініш қалдырады. Білім беру үйымының басшысы осы өтінішті қарастырғаннан кейін, аудандық (қалалық) комиссиямен келісу бойынша үміткерді босаған орынға ауыстыру немесе енгізу туралы бұйрық шығарады.

29. Жұмыс біліктілігі бойынша ТжКБ кадрларды даярлауды аяқтаған Бағдарламаға қатысушылар орта буын мамандары (бұдан әрі - бітіруші) № 125 бұйрыққа сәйкес қорытынды аттестаттауды тапсырады.

30. Түлекке № 39 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат (диплом) беріледі.

31. Оқу орны облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарына ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1-не дейін осы Қағидаларға 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлау барысы туралы есеп (портал арқылы электрондық түрде немесе/не қағаз түрінде) береді.

32. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдары осы Қағидаларға 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлаудың барысы туралы есепті және 7-қосымшага сәйкес нысан бойынша ТжКБ бар кадрларды даярлауга қабылданған қатысушылар туралы ақпаратты (портал арқылы электрондық түрде/қағаз түрінде) халықты жұмыспен қамту орталықтарына тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 3 - қүніне, білім беру саласындағы уәкілетті органға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5 - қүніне ұсынады.

**2-параграф. ТжКБ кадрларды даярлауды қаржыландыру тәртібі**

33. Тұжарлық міністерлік органдар мен жеке мешіттер мен мемлекеттік мектептер мен орталық мектептердің кадрлар даираларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаржаты есебінен жүзеге асырылады.

34. Тұжарлық міністерлік органдар мен жеке мешіттер мен мемлекеттік мектептер мен орталық мектептердің кадрлар даиралама қатысушыларына:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - № 116 қаулы) Білім беру үйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларына және олардың мөлшерлеріне сәйкес стипендия;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 677 бұйрығымен (бұдан әрі - № 677 бұйрық) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12894 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын үйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жол жүргуге өтемақы;

3) "Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына (бұдан әрі - № 320 қаулы) сәйкес ыстық тамақ беріледі.

35. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан оқытуындардан және қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтетін адамдардан басқа қатысушылар Бағдарламаға сәйкес жетім балалар үшін күндізгі рационның 40 пайызы есебінен тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

**3-тарау. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру және қаржыландыру тәртібі**

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-параграф. Жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру тәртібі**

36. Жұмыс беруші қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды үйымдастыру үшін халықты жұмыспен қамту орталығына қажетті кадрлардың санын, біліктіліктер мен дағдылардың тізбесін және оқу нысанын көрсете отырып, өтінім береді.

37. Жұмыс беруші оқуға үміткерлерді:

1) халықты жұмыспен қамту орталығы, мобильдік жұмыспен қамту орталықтары ұсынған және/немесе Электрондық енбек биржасында тіркелген үміткерлердің ішінен;

2) бос орындар жәрменкесіне қатысу;  
3) өз бетінше, оның ішінде жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері арқылы іздеу арқылы өздігінен таңдайды.

Үміткерлерді таңдау сұқбаттасу өткізу арқылы немесе халықты жұмыспен қамту орталықтарының, Электрондық еңбек биржасының мәлеметтері негізінде жүзеге асырылады.

38. Жұмыс берушілер қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды өткізу үшін таңдалынған үміткерлерді көрсете отырып, халықты жұмыспен қамту орталығына жазбаша өтінім береді (еркін нысанда).

39. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілерден жазбаша өтінім алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде үміткерлерді жұмыс берушілер қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жіберу үшін таңдалынған туралы хабардар етеді (еркін нысанда).

40. Жұмыс берушілер таңдалынған үміткерлер халықты жұмыспен қамту орталықтарына:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың;
- 2) еңбек кітапшасының (болған жағдайда);
- 3) бар болса білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом, сертификат);  
4) Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 9-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың көшірмелерін ұсынады.

41. Үміткерлер қысқа мерзімді кәсіптік оқуға қатысу үшін "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бекіткен Оқу орталықтары мен оқу орындарының тізілімінен өздігінен білім беру үйымдарын таңдайды.

42. Халықты жұмыспен қамту орталықтары үш жұмыс күні ішінде үміткерге осы Қағидаларға 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша білім беру үйымдарына оқуға жолдама береді.

Білім беру үйымы 3 (үш) жұмыс күні ішінде үміткерді оқуға қабылдайды.

43. Бағдарламаға қатысушыны оқуға қабылдағаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарламаға қатысушымен, білім беру үйымымен және жұмыс берушімен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды үйимдастыруға шарт жасайды.

44. Білім беру үйымы қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды күндізгі нысанда және/немесе онлайн режимде жүзеге асырады.

45. Білім беру үйымы жұмыс берушілермен бірлесіп және "Атамекен" ӨКП-ның келісімі бойынша оқу бағдарламаларын өзірлейді.

46. Білім беру үйимдары Бағдарламаға қатысушыларды қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 11-косымшаға сәйкес нысан бойынша оқуға қабылданған Бағдарламаға қатысушылар туралы есепті портал арқылы электрондық түрде/қағаз түрінде және қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмесін ұсынады.

47. Білім беру үйымы Бағдарламаға қатысушыларды:

1) білім беру үйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабактан себепсіз қалған;

2) № 125 бұйрыққа сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайларда аудандық (қалалық) комиссияның келісімі бойынша оқудан шығарады.

48. Дәлелсіз себептермен оқудан шығарылған Бағдарламаға қатысушылар жұмыс іздеген адам не жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап бір жыл өткен соңғана оқудан қайта өтеді, бірақ оқуға бір рет қана жіберіледі.

49. Білім беру үйымы № 125 бұйрыққа сәйкес Бағдарламаға қатысушыларға қорытынды аттестаттау өткізеді.

50. Білім беру үйимдары қысқа мерзімді кесіптік оқытуды аяқтаған Бағдарламаға қатысушыларға № 39 бұйрыққа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8829 болып тіркелген) бекітілген Ересектерге арналған қосымша білім беру үйимдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - № 370 бұйрық) сәйкес нысан бойынша қуәлік немесе сертификат береді.

51. Жұмыс беруші Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа қабылдайды және жұмыскер үшін жұмыспен өтеу мерзімін белігілейді.

52. Жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығына Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген мерзімдерде тұрақты жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін жібереді.

53. Жұмыс беруші Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, төленген материалдық көмек пен стипендияның сомасын қоса алғанда, оқуға жұмсалған нақты шығыстарды бюджетке қайтарады.

Жұмыс беруші - занды тұлғаның таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлға қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқарған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына экеп соққан өндірістер және

орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген жағдайда жұмыс берушілер көрсетілген шығыстарды өтемейді.

54. Білім беру үйымдары ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушілердің өтінімдері қысқа мерзімді кәсіптік оқытуудың барысы туралы есептілік ұсынады.

54-1. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ай сайынғы негізде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың 3 (үшінші) күніне дейінгі мерзімде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқаруышы органдарға жұмыс берушілердің өтінімдері қысқа мерзімді кәсіптік оқытуудың барысы туралы есептілік ұсынады.

54-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың халықты жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқаруышы органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы есептемелерді осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамға портал арқылы электрондық түрде немесе/не қағаз түрінде жұмыс берушілердің өтінімдері қысқа мерзімді кәсіптік оқытуудың барысы туралы есептілік ұсынады.

**2-параграф. Еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытууды ұйымдастыру тәртібі**

55. Еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға үміткерлер халықты жұмыспен қамту орталықтарына, мобиЛЬДІК жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

55-1. Үміткер өтініш берген кезде:

- 1) жеке басын қуәландыратын құжаттың;
- 2) еңбек кітапшасының (болған жағдайда);
- 3) бар болса білімі туралы құжаттың (аттестат, қуәлік, диплом, сертификат);  
4) Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 9-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес бекітілген денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың (Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу туралы шешім қабылданғаннан кейін ұсынылады) көшірмелерін және түпнұсқаларын ұсынады.

55-2. Халықты жұмыспен қамту орталықтары, мобиЛЬДІК жұмыспен қамту орталықтары көшірмелерді құжаттардың түпнұсқасымен салыстырады және түпнұсқаларды үміткерлерге қайтарады.

55-3. Халықты жұмыспен қамту орталығы, мобиЛЬДІ жұмыспен қамту орталығы үміткерге әлеуметтік - кәсіптік бағдарлау жүргізеді.

55-4. МобиЛЬДІ жұмыспен қамту орталықтары құжаттар мен өтініштерді қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кәсіптік оқуға үміткерлер туралы мәліметтерді портал арқылы электрондық түрде/қағаз түрінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтарына ұсынады.

55-5. Халықты жұмыспен қамту орталықтары 2 (екі) жұмыс күні ішінде үміткерлер құжаттарының Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келуін тексереді, үміткерлердің тізімін қалыптастырады және бекіту үшін аудандық (қалалық) комиссияға жолдайды.

55-6. Аудандық (қалалық) комиссия халықты жұмыспен қамту орталықтарының деректері негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде үміткерлердің тізімін бекітеді және оны халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолдайды.

55-7. Халықты жұмыспен қамту орталықтары үш жұмыс күні ішінде үміткерлерді аудандық (қалалық) комиссия қабылдаған шешім туралы хабардар етеді және оларға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру үйымдарына оқуға жолдама береді.

56. Білім беру үйымдары қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға қабылдауды аудандық (қалалық) комиссиялардың шешімінің негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

57. Халықты жұмыспен қамту орталығы қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру үйымымен келісімшарт жасайды.

58. Білім беру үйымы қысқа мерзімді кәсіптік оқытууды күндізгі нысанда және/немесе онлайн режимде жүзеге асырады.

59. Білім беру үйымы жұмыс берушілермен бірлесіп және "Атамекен" ӨКП-ның келісімі бойынша оқу бағдарламаларын әзірлейді.

60. Білім беру үйымдары Бағдарламаға қатысушыларды қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей және ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күніне дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқуға қабылданған Бағдарламаға қатысушылар туралы есепті портал арқылы электрондық түрде/қағаз түрінде және қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмесін ұсынады.

61. Білім беру үйымы Бағдарламаға қатысушыларды:

- 1) білім беру үйымының ішкі тәртібіне сәйкес сабактан себепсіз қалған;
- 2) № 125 бұйрыққа сәйкес үлгеріміне ағымдағы бақылаудан, аралық аттестаттаудан қорытынды бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған

жағдайларда аудандық (қалалық) комиссияның келісімі бойынша оқудан шығарады.

61-1. Дәлелсіз себептермен оқудан шығарылған Бағдарламаға қатысушылар жұмыс іздеген адам не жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап бір жыл өткен соң ғана оқудан қайта өтеді, бірақ оқуға бір рет қана жіберіледі.

61-2. Білім беру үйымы № 125 бүйрыққа сәйкес Бағдарламаға қатысушыларға қорытынды аттестаттау өткізеді.

61-3. Білім беру үйымдары қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды аяқтаған Бағдарламаға қатысушыларға № 39 және № 370 бүйрықтарға сәйкес нысан бойынша күәлік немесе сертификат береді.

61-4. Білім беру үйымдары қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды аяқтағаннан кейін Бағдарламаға қатысушыларға жұмысқа орналасуға немесе жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар алуға жәрдемдесу үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарына және "Атамекен" ӨКП-ға оқуды аяқтағандың тізімін жібереді.

62. Білім беру үйымдары ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы туралы есептілік ұсынады.

62-1. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ай сайынғы негізде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың 3 (үшінші) күніне дейінгі мерзімде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы туралы есептілік ұсынады.

62-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың халықты жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы есептемелерді осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамға портал арқылы электрондық түрде немесе/не қағаз түрінде еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытудың барысы туралы есептілік ұсынады.

### **3-параграф. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды қаржыландыру тәртібі**

63. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды қаржыландыру Бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістегі тәлімгердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

64. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан өтетін Бағдарламаға қатысушылар № 116 қаулыға сәйкес стипендиямен, сондай-ақ жол жүргуге, тұруға және медициналық тексеріп-қараудан өтуге материалдық көмекпен қамтамасыз етіледі.

65. Халықты жұмыспен қамту орталығы оқу орталықтарында қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан өтетін Бағдарламаға қатысушылардың ағымдағы шоттарына стипендия мен материалдық көмекті аударады.

66. Қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан мобиЛЬДІ оқу орталықтары арқылы немесе онлайн режимде өтетін Бағдарламаға қатысушыларға жол жүргуге және тұруға материалдық көмек төленбейді.

**4-тарау. "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі**

**1-параграф. "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды ұйымдастыру тәртібі**

67. Бағдарламаға сәйкес анықталған жұмыс күші артық 6 өнірдің 9, 11-сыныптарының түлектері жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау бойынша "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасының қатысушылары болып табылады.

68. "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасы өнірлердің білім беру ұйымдарында іске асырылады (бұдан әрі – еңбек тапшы өнірлерлер), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандығы № 83 қаулысымен бекітілген "Қандастарды және қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өнірлерді айқындау туралы" (бұдан әрі – № 83 қаулы).

**Ескерту. 68-тармақ жана редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 25.11.2021 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

69. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандығы № 264 қаулысымен бекітілген білім беру

саласындағы жергілікті атқарушы органдар "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасы шенберінде қабылдау квотасына сәйкес күнтізбелік жылдың 1 наурызына дейін мемлекеттік білім беру тапсырысты орналастыру бойынша комиссия құрайды (бұдан әрі - Комиссия).

Комиссия шешімі негізінде білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бұйрығымен және еңбек тапшы өнірлердің жергілікті атқарушы органдарының қаулысымен күнтізбелік жылдың 20 сәуіріне дейін "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") қатысуышыларына мамандықтардың аталуымен ТжКБ ұйымдардың тізімі бекітіледі.

70. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қафидаларына сәйкес орналастырылады.

71. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар ТжКБ мамандықтары мен ұйымдарының бекітілген тізбесіне сәйкес "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобаға қатысуышыларды қалыптастыру үшін күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей білім беру ұйымдарының қызметкерлері қатарынан кәсіптік бағдар беру топтарын құрады және жұмыс күші мол өнірлердің жалпы білім беретін мектептерінде күнтізбелік жылдың 1-30 мамыр аралығында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізеді. Кәсіптік бағдар беру топтарының құрамы мен жұмыс кестесін білім беру ұйымы бекітеді.

72. Кәсіптік бағдар беру топтары № 83 қаулыға сәйкес еңбек күші мол өнірлердің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары арасында ТжКБ мамандықтары мен ұйымдары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

73. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17705 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қафидаларына сәйкес (бұдан әрі – № 578 Бұйрық) еңбек тапшы өнірлерлерінде ТжКБ ұйымдары оқуға құжаттарды қабылдау және тұсу емтихандарын өткізу үшін білім беру ұйымдарының өкілдері қатарынан көшпелі қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

74. "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша ЖОО-на қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018

жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – № 600 Бұйрық) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын сәйкес үйымдастырылады.

75. "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") еңбек тапшы өнірлердің білім беру үйымдары күнтізбелік жылдың 25-31 тамыз аралығында өткізеді.

76. "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасына қатысушылардың оқытуы МЖБС сәйкес білікті жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

77. Бітірушілерге № 39 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат (диплом) беріледі.

78. "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасы шенберінде білім беру үйымдарының түлектерін жұмысқа орналастыру "Мектепке дейінгі үйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарттының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 93 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) білім беру үйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарт негізінде жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді.

**2-параграф. "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасы бойынша қаржыландыру тәртібі**

79. Жоғары білім беру жобасына қатысушылар оқу ақысын төлеу бойынша мемлекеттік қолдаумен, стипендиямен, жол жүру ақысымен қамтамасыз етіледі.

80. Техникалық және кәсіптік оқу жобасына қатысушылар оқу ақысын төлеу бойынша мемлекеттік қолдаумен, стипендиямен, жол жүру ақысымен, тамақтанумен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік стипендия № 116 қаулыға сәйкес тағайындалады және төленеді.

Жол жүру өтемақысы "Мәңгілік ел жастары – индустріяға!" ("Серпін") жобасының қатысушыларына № 677 бұйрыққа сәйкес төленеді.

Істық тамақпен қамтамасыз ету № 320 қаулыға сәйкес жүзеге асырылады.

81. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет есебінен қаржыландыруды жүзеге асырады.

"Серпін" жобасына қатысушыларға жатақханада орын беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 66 бүйріғымен бекітілген Білім беру ұйымдарының жатақханаларында орын бөлу қағидаларына сәйкес жузеге асырылады. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13487 болып тіркелді).

**5-тaraу. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерді, оның ішінде қысқартылатын жұмыскерлерді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі**

**Ескеरту. 5-тaraу жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.**

**1-параграф. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерді, оның ішінде қысқартылатын жұмыскерлерді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру тәртібі**

82. Жұмыс беруші еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін, сондай-ақ еңбек ресурстарының ағынын басқару жөніндегі жол картасы шеңберінде қысқартылатын жұмыскерлер арасынан кәсіптік оқытудан өткісі келетіндердің тізімін қалыптастырады.

83. Жұмыс беруші жұмыскерлердің тізімін қалыптастырғаннан кейін халықты жұмыспен қамту орталығына жіберілетін жұмыскерлердің санын, біліктіліктер мен дағдылар тізбесін және оқу нысанын көрсете отырып, кәсіптік оқуға өтінім береді. Өтінімге жұмыс берушінің құрылтайшы құжаттары мен жұмыскерлердің мынадай құжаттарының:

- 1) жеке бас қуәлігінің;
- 2) еңбек кітапшасының;
- 3) білімі туралы құжаттың (аттестат, қуәлік, диплом), сондай-ақ оқығанын растайтын құжаттардың (қуәлік, сертификат, диплом) (бар болса);
- 4) толық емес жұмыс уақыты режиміне немесе қысқартылған жұмыс ұзақтығына ауыстырылғаны туралы немесе жалақысы сақталмайтын еңбек демалысы не бала үш жасқа толғанша оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын еңбек демалысы немесе мәжбүрлі тоқтап қалу туралы жұмыс беруші актісінің (еркін нысанда) көшірмелерін қоса беріледі.

83-1. Халықты жұмыспен қамту орталықтары 2 (екі) жұмыс күні ішінде жұмыскерлер құжаттарының Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келуін тексереді, жұмыскерлердің тізімін қалыптастырады және аудандық (қалалық) комиссияға жібереді.

83-2. Аудандық (қалалық) комиссия халықты жұмыспен қамту орталықтарының деректері негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыскерлердің тізімін қарап, бекітеді және халықты жұмыспен қамту орталықтарына береді.

83-3. Халықты жұмыспен қамту орталықтары 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс берушілерді аудандық (қалалық) комиссия қабылдаған шешім туралы хабардар етеді.

83-4. Жұмыс беруші халықты жұмыспен қамту орталығынан ақпарат алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жұмыскерлерді олардың Бағдарламаға қатысушылардың құрамына енгендігі туралы хабардар етеді.

83-5. Жұмыскер жұмыс беруші хабардар еткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кәсіптік оқудан өту үшін халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінеді және жұмыс берушінің келісімі бойынша "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бекіткен Оқу орталықтары мен оқу орындарының тізілімінен білім беру үйімін таңдайды.

83-6. Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыскерге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру үйімін оқуға жолдама береді.

83-7. Білім беру үйімі 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыскерлерді оқуға қабылдайды.

84. Білім беру үйімі жұмыс берушілер мен жұмыспен қамту орталықтарының келісімдері бойынша жұмыскерлердің жұмыс пен оқуды қатар алғып жүруін ескере отырып:

- жұмыс уақыты шегінде жұмыс орнында;
- жұмыстан ішінара қол үзе отырып;
- жұмыстан бос кезде (кешкі уақыт, демалыс күндері);
- онлайн режимде кәсіптік оқытуды үйімдастырады.

84-1. Білім беру үйімі жоғары немесе техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына негізделген қайта даярлау және біліктілікті арттырудың оқу бағдарламаларын (курстарын) әзірлейді және оларды "Атамекен" ӨКП-мен келіседі.

85. Білім беру үйімі № 125 бұйрыққа сәйкес жұмыскерлерге қорытынды аттестаттау өткізеді.

86. Кәсіптік оқытуды аяқтаған жұмыскерге білім беру үйімі № 39 және № 370 бұйрықтарға сәйкес нысандар бойынша күәлік немесе сертификат береді.

87. Білім беру үйімдары ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірінші күніне дейін халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік оқытудың барысы туралы есептілік ұсынады.

87-1. Халықты жұмыспен қамту орталықтары ай сайынғы негізде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың 3 (үшінші) күніне дейінгі мерзімде облыстардың, респубикалық маңызы бар

қалалардың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға кәсіптік оқытудың барысы туралы есептілік ұсынады.

87-2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың халықты жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне "Еңбек нарығы" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы есептемелерді осы Қағидаларға 13-қосымшага сәйкес нысан бойынша "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" акционерлік қоғамға портал арқылы электрондық түрде немесе/не қағаз түрінде кәсіптік оқытудың барысы туралы есептілік ұсынады.

**2-параграф. Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндерді, оның ішінде қысқартылатын жұмыскерлерді кәсіптік оқытуды қаржыландыру тәртібі**

88. Жұмыскерлерді кәсіптік оқытуды қаржыландыру жергілікті бюджет және жұмыс берушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

89. Жұмыс берушілер мен халықты жұмыспен қамту орталықтары кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыруға арналған шартқа сәйкес ай сайын білім беру ұйымына кәсіптік оқытудың ақысын аударады.

90. Әлеуметтік демалыстағы жұмыскерлерге № 116 Қаулыға сәйкес стипендия төленеді.

91. Халықты жұмыспен қамту орталықтары стипендияны әлеуметтік демалыстағы жұмыскердің екінші деңгейдегі банкте ашылған ағымдағы шотына аударады.

**6-тарау. "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібі"**

**1-параграф. "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауды ұйымдастыру тәртібі"**

92. "Жас маман" жобасы бойынша еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлау 100 аса талап етілетін және жаңа кәсіптер (мамандықтар) даярлауды көздейтін "100/200" қағидаты бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің 180 ұйымдарында (бұдан әрі – ТжКБ ұйымдары) және 20 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан, ағымдағы және өткен жылғы 9-11-сыныптардың түлектері, кәсіптік білімі жоқ және оқу орындарына түспеген адамдар, жұмыс іздеп журген адамдар мен жұмыссыздар, қысқартылатын жұмыскерлер, табысы аз отбасылардың мүшелері, сондай-ақ "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағында көрсетілген азаматтардың өзге санаттары ТжКБ бар кадрларды даярлау бойынша Бағдарламаның қатысушылары болып табылады.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган кадрларды даярлау бейініне сәйкес ТжКБ ұйымдарын, ЖОО, жабдықтарды және шетелдік әріптестерді іріктеу үшін мемлекеттік органдар мен салалық қауымдастықтар, "Атамекен" ҰКП және басқа да мұдделі тараптар өкілдерінен "Жас маман" жобасын іске асыру жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

93. Бағдарламаға сәйкес "Жас маман" жобасының операторы болып "Talap" КеАҚ (бұдан әрі – Оператор) белгіленді.

Оператор келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- ТжКБ ұйымдары мен ЖОО іріктеу процесін сүйемелдеу;
- шетелдік әріптестерді (ұйымдарды) іріктеуді жүзеге асыру және олардың жұмысын үйлестіру, оның ішінде шетелдік әріптестермен жұмыс бойынша тіл коммуникациясын қамтамасыз ету;
- "Жас маман" жобасын іске асыруды үйлестіру және мониторингілеу.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94. "Жас маман" жобасына қатысу үшін ТжКБ ұйымдарын және жоғары оқуорындарын іріктеу сенімгерлік басқаруға берілгендерден немесе берілетіндерден басқа, өз капиталында мемлекет 100% (жұз пайыз) қатысатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік ұйымдар қатарынан жүзеге асырылады.

**Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

95. ТжКБ ұйымдарын және ЖОО іріктеудің басталуы туралы ақпаратты Оператор "Жас маман" жобасының әлеуетті қатысушыларына құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күнін, қажетті құжаттардың тізбесін және оларды беру тәсілін көрсете отырып, білім беру саласындағы уәкілетті органның және Оператордың интернет-ресурстарында ақпаратты орналастыру арқылы жеткізеді.

96. Өтінімдер мен құжаттарды қабылдауды ТжКБ ұйымдарынан білім беру саласындағы жергілікті уәкілетті органдар және ЖОО-нан Оператор жүзеге асырады.

97. ТжКБ ұйымдары үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- ТжКБ үйымдарының кадрлар даярлау бейінінің 100 сұранысқа ие және жаңа мамандықтар (мамандықтар) тізбесіне сәйкестігін растау үшін лицензияның көшірмесі;
- осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес жасалған ТжКБ үйымдарының таяудағы 5 (бес) жылға арналған стратегиялық даму жоспарының көшірмесі, оның ішінде мәлімделген кәсіптер (мамандықтар) бойынша;
- өткен үш жыл ішінде (жаңа кәсіптерді (мамандықтарды) қоспағанда) мәлімделген кәсіп (мамандық) бойынша ТжКБ үйымы мен кәсіпорын (үйым) арасындағы әріптестік туралы, оның ішінде дуалды оқыту шарттың/келісімнің көшірмесі;
- соңғы екі оқу жылында (жаңа кәсіптерді (мамандықтарды) қоспағанда) мәлімделген мамандыққа (мамандыққа) жұмысқа орналастыру бойынша ұлттық білім беру деректер базасынан үзінді;
- өндірісте жұмыс тәжірибесі бар және/немесе мәлімделген кәсіп (мамандық) бойынша соңғы бес жылда өндірісте тағылымдамадан өткен штаттағы педагогтердің тізімі;
- жабдықты орнату үшін жеткілікті аланың және инфрақұрылымның болуын растау мақсатында ТжКБ үйым ғимараттарының техникалық паспорттарының көшірмелері және жабдықты орналастыру схемасы;
- мәлімделген кәсіптер (мамандықтар) бойынша жаңа кәсіптерді (мамандықтарды) қоспағанда WorldSkills (Ворлд Скилс) чемпионаттарына қатысу туралы бұйрықтың көшірмесі;
- мәлімделген кәсіптер (мамандықтар) бойынша білім беру бағдарламаларын аккредиттеу туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса);
- халықаралық жүйе стандарттары бойынша аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса).

**Ескерту. 97-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 07.04.2020 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 98. ЖОО үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- ЖОО-да кадрлар даярлау бейінінің 100 сұранысқа ие және жаңа кәсіптер (мамандықтар) тізбесіне сәйкестігі растайтын лицензияның көшірмесі;
- ЖОО мен кәсіпорын (үйым) арасындағы тиісті бейіндер бойынша әріптестік туралы шарттың/келісімнің көшірмесі
- университеттер үшін оқытушылардың жалпы санынан 50 % кем емес, академияда – 30%, институттарда-30% даярлаудың тиісті бағыттары бойынша

"философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми және (немесе) академиялық дәрежесі бар оқытушылардың тізімі;

- ЖОО-ның алдағы 5 (бес) жылға стратегиялық даму жоспарының көшірмесі;

- QS-by subject (КюС-бай сабджект), Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкинг оғ Ворлд Юниверситиес), Times Higher Education (Таймс Хайер Едукејшн) рейтингтерінің топ-100 құрамына кіретін университеттермен (ұйымдармен) келісімдердің көшірмесі;

- тиісті даярлау бағыттары бойынша аккредиттеу туралы сертификаттың көшірмесі (жаңа кәсіптерді (мамандықтарды) қоспағанда);

- растайтын құжаттармен бірге кадрларды даярлаудың тиісті бағыттары бойынша Web of Science (Веб оғ Сайнс) немесе Scopus (Скопус) ғылыми дәйексөздеудің реферативтік-библиографиялық базаларында индекстелетін басылымдардағы жарияланымдар саны туралы ақпарат;

- соңғы екі оқу жылында (жаңа кәсіптерді (мамандықтарды) қоспағанда) мәлімделген мамандықтар (мамандықтарға) бойынша жұмысқа орналастыру туралы Жоғары оқу орындарының бірыңғай жүйесінен үзінді;

- жабдықты орнату үшін жеткілікті алаңның және инфрақұрылымның болуын растау мақсатында ЖОО ғимараттарының техникалық паспорттарының көшірмелері және жабдықты орналастыру схемасы;

99. "Жас маман" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өнірдің ТжКБ ұйымдарын және жабдықтарды іріктеу үшін өнірлік комиссиялар (бұдан әрі – Өнірлік комиссия) құрады.

Өнірлік комиссияның құрамы жергілікті атқарушы органдардың, "Атамекен" өнірлік кәсіпкерлер палатасының және жұмыс берушілердің өкілдері арасынан кемінде жеті адамды құрайды (кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер өкілдері комиссия мүшелерінің кемінде 50% - ы құрауы қажет).

100. Өнірлік комиссиялардың жұмыс органы білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – жұмыс органы) болып табылады. Жұмыс органы "Жас маман" жобасына қатысуға тілек білдірген ТжКБ ұйымдарынан, сенімгерлік басқаруға берілгендерден немесе берілетіндерден басқа, мемлекеттік ұйымдар қатарынан өтінімдер қабылдауды ұйымдастырады. Өтінімдерді қабылдау осы Кағидалардың 97-тармагына сәйкес оператор хабарландыру жариялаған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Жұмыс органы ТжКБ ұйымдарынан өтінімдер қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өнірлік комиссияның отырысына

"Жас маман" жобасына қатысуға тілек білдірген ТжКБ үйымдарының тізбесін бекіту үшін шығарады.

Өнірлік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

**Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

101. Өнірлік комиссиялар шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс органдары Операторға мынадай құжаттар топтамасын ұсынады:

1) "Жас маман" жобасына қатысу үшін құжаттар пакетін ұсыну туралы өтінім-хат келесі қосымшалармен:

- іріктелген ТжКБ үйымдарының тізбесі;
- кәсіптерді (мамандықтарды) таңдау бойынша өнірдің негіздемесі (өнірлік даму басымдықтары, еңбек нарығының деректері);
- "Жас маман" жобасына қатысу үшін ТжКБ үйымдарын таңдау бойынша түсіндірме жазба (беделі, өнірдің дамуына қосқан үлесі, келешегі).

2) Өнірлік комиссия шешімінің көшірмесі хаттамамен бірге;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері орынбасарларының қолы қойылған, жергілікті бюджет есебінен жабдықтар құнының 10%-на дейін жергілікті атқарушы органдарды қосымша қаржыландырудың кепілдік хаты (ТжКБ үйымдарының инфрақұрылымын дамытуға және/немесе жабдықтар үшін шығыс материалдарын сатып алуға және/немесе педагогтердің біліктілігін арттыруға және/немесе мәлімделген кәсіп (мамандық) бойынша шетелдік әріптестің аккредиттеу ресімдеріне);

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және облыстардың әкімі орынбасарының қолы қойылған, 5 (бес) жыл ішінде мәлімделген кәсіп (мамандық) бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды растау туралы кепілдік хат.

**Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

102. Оператор өнірлік комиссиялар іріктеген ТжКБ үйымдарына жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде онлайн-сауламаны толтыру үшін ақпараттық жүйеге қолжетімділікті ұсынады;

103. ТжКБ үйымдары қолжетімділігін алғаннан кейін, 5 (бес) жұмыс күні ішінде Оператордың ақпараттық интернет-ресурсында растайтын құжаттардың

қажетті пакетін жүктей отырып, осы Қағиданың 15-қосымшасына сәйкес ТжКБ ұйымының сауалнамасын толтырады.

104. "Жас маман" жобасына қатысуға қызығушылық білдірген ЖОО Оператор хабарландыру жариялаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Оператордың интернет-ресурсында растаушы құжаттардың қажетті пакетін жүктей отырып, осы Қағиданың 16-қосымшага сәйкес ЖОО-ның сауалнамасын толтырады.

105. Оператор ТжКБ ұйымдары мен жоғары оқу орындарынан ұсынылған ақпаратты, ұсынылған құжаттаманың толықтығын, ұсынылған ақпараттың дұрыс толтырылуын және дұрыстығын Операторға құжаттар келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тексереді.

106. Оператордың ақпараттық жүйесі автоматты режимде балл кестесін қалыптастырады. Комиссия мүшелері оператордың ақпараттық жүйесіне рұқсат алады және құпиялыштық және ақпаратты жарияламау туралы шартқа қол қояды.

107. Комиссия мүшелері 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде ұсынылған баллдардың кестесін қарайды және ескертулер мен ұсыныстар болмаған жағдайда "келісемін", келісілмен жағдайда – "қарсы" дауыс береді және ақпараттық жүйеде өзінің ескертулері мен ұсыныстарын ұсынады.

108. Дауыс беру қорытындылары бойынша Оператор 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комиссияның отырысын ұйымдастырады, онда қорытындылар айтылады. "Қарсы" дауыс берген комиссия мүшелері өз ескертулері мен ұсыныстарын талқылау үшін айтады. Талқылау қорытындысы бойынша Комиссия "Жас маман" жобасына қатысу үшін ТжКБ ұйымдары мен ЖОО-ның қорытынды тізімін бекітеді.

109. Егер дауыс беруді өткізу кезінде дауыстар тең бөлінген болса, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

110. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

111. Комиссия отырысының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда хаттамаға комиссия төрағасының орынбасары қол қояды.

112. ТжКБ ұйымдарын және ЖОО іріктеу қорытындылары, білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдың және "Жас маман" жобасы операторының интернет-ресурстарында ақпаратты орналастыру арқылы комиссия отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жарияланады.

113. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

**қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

114. Білім беру саласындағы уәкілетті органға байланысты емес себептер бойынша ТжКБ үйымы жабылған/банкрот болған жағдайда "Жас маман" жобасы шенберінде шығындарды өтеу және/немесе жабдықты басқа ТжКБ үйымдарына беру шарттары "Жас маман" жобасына қатысу туралы шартта белгіленеді.

115. ТжКБ үйымы жабылған/банкрот болған жағдайда жабдықты беру туралы шешімді өнірлік комиссия осы Қағидалардың 97-тармағында көзделген қажетті құжаттар тізбесін ескере отырып, басқа ТжКБ үйымдарына қабылдайды.

116. Шетелдік әріптестерді іріктеу сұранысқа ие 100 кәсіптер (мамандықтар) тізбесіне сәйкес келетін салаларда кадрларды даярлаумен және/немесе сертификаттаумен айналысатын Экономикалық ынтымақтастық және даму үйымы (ЭЫДҰ) елдерінің қатарындағы шетелдік үйымдар немесе шетелдік оқу орындары қатарынан жүзеге асырылады.

**Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

117. "Жас маман" жобасына қатысу үшін шетелдік әріптестер Операторға келесі құжаттарды тапсырады:

1) соңғы 3 (үш) жылда кадрларды даярлау бойынша жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжат;

2) соңғы 3 (үш) жылда кадрларды сертификаттау бойынша жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжат;

3) халықаралық деңгейде мойындалған білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жөніндегі үйымдардың және/немесе білім беру және персоналды сертификаттау үйымдарының құрамына (мүшелігіне) кіруін растайтын құжат (ұсынылады).

118. Шетелдік әріптестер (үйымдар) "Жас маман" жобасы шенберінде келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) ТжКБ үйымдарының ағымдағы жай-күйіне бағалау жүргізу және оқыту бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестігіне дайындауға көмек көрсету;

2) ТжКБ үйымдарын салалық аккредиттеу үшін талаптар беру;

3) қажетті жабдықтар бойынша ұсынымдар беру;

4) инженерлік-педагогикалық қызметкерлерді өтініш берілген мамандық бойынша оқыту, қолдау және бағалау;

5) инженерлік-педагогикалық қызметкерлерді оқыту үшін қажетті оку материалдарын ұсыну.

119. Оператор Қазақстанның жұмыс берушілерінің салалық қауымдастықтарынан стандарттары олардың саласында қолданылатын шетелдік әріптестердің (ұйымдардың) тізімін сұратады.

Жұмыс берушілер қауымдастыры 10 (он) жұмыс күні ішінде Операторға шетелдік әріптестердің (ұйымдардың) тізбесін ұсынады. Оператор жұмыс берушілер қауымдастығының ұсыныстарын ескере отырып, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ӘҮДҰ) елдерінің қатарынан әлеуетті шетелдік әріптестерді (ұйымдарды) іздеуді жүргізеді.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

120. Шетелдік әріптестерді (ұйымдарды) іріктеудің басталғаны туралы хабарландыру Оператордың интернет – ресурсында құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен құжаттар тізбесін көрсете отырып орналастырылады.

Шетелдік әріптестерді (ұйымдарды) іріктеу нәтижелері Оператордың интернет – ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 120-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

121. "Жас маман" жобасына қатысуға ниет білдірген шетелдік әріптестер (ұйымдар) Оператор хабарландыруды жариялағаннан кейін jmproject@tvet.kz электрондық пошта арқылы баға ұсынысымен хаттарын және осы Қағидалардың 117-тармағына сәйкес құжаттарды 50 (елу) жұмыс күні ішінде береді.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

122. Оператор шетелдік әріптестерден (ұйымдардан) баға ұсынысымен осы Қағидалардың 117-тармағында көрсетілген хаттар мен құжаттарды алғаннан кейін 24 (жиырма төрт) жұмыс күні ішінде Комиссия отырысын ұйымдастырады.

Комиссияның қарауына әрбір салалық бағыт бойынша баға ұсыныстарымен қоса кемінде екі әлеуетті шетелдік әріптес (ұйым) шығарылады.

Комиссия ашық дауыс беру жолымен "Жас маман" жобасына қатысу туралы шарт жасасу үшін бір шетелдік әріптесті (ұйымдарды) айқындай отырып, шетелдік әріптердердің (ұйымдардың) тізбесін бекіту туралы шешім қабылдайды. Егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, дауыс беру қабылданды деп есептеледі.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және оған төраға мен хатшы қол қояды.

**Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

123. Комиссияның шетелдік әріптердерді (ұйымдарды) іріктеу туралы шешімі оператор мен шетелдік әріптес (ұйымдар) арасында "Жас маман" жобасына қатысу туралы шарт жасасу үшін негіз болып табылады.

Оператор "Жас маман" жобасына қатысу туралы шарт жасайды, оны Комиссия айқындаған шетелдік әріпtesке (ұйымдарға) күнтізбелік 30 күн ішінде қол қою үшін жібереді.

Комиссия айқындаған шетелдік әріпtesімен (ұйымдастырушымен) "Жас маман" жобасына қатысу туралы шартқа күнтізбелік 30 күн ішінде қол қоймаған жағдайда, Комиссия ашық дауыс беру арқылы комиссия бекіткен шетелдік әріптердердің (ұйымдардың) тізбесінде көрсетілгендер қатарынан басқа шетелдік әріпtestі (ұйымдарды) таңдау туралы шешім қабылдайды. Егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, дауыс беру қабылданды деп есептеледі. Бұл ретте Оператор 10 (он) жұмыс күні ішінде шетелдік әріптердердің (ұйымдардың) тізбесінде көрсетілген барлық қатысушыларды жаңа шетелдік әріпtestі (ұйымдарды) қайта таңдау және айқындау жүргізлетіні туралы электрондық пошта арқылы хабардар етеді және таңдалған шетелдік әріпtestің (ұйымдардың) нәтижесі оператордың интернет – ресурсында орналастырылады.

Комиссия бекіткен шетелдік әріптердердің (ұйымдардың) тізбесінен шетелдік әріпtestі (ұйымдарды) таңдау туралы Комиссия шешімі қабылданбаған жағдайда Оператор осы Қағидалардың мынадай 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123 және 124-тармақтарына сәйкес шетелдік әріптердердің (ұйымдардың) тізбесін іріктеу және бекіту бойынша жұмыстық қайта жүргіzedі.

**Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн**

**өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

124. Оператор және таңдалған шетелдік әріпtes (ұйым) комиссия шешім қабылдағаннан кейін "Жас маман" жобасына қатысу туралы шартқа қол қояды.

125. "Жас маман" жобасы аясында оқу-өндірістік жабдықтар жиынтықтарын іріктеу және сатып алу 100 аса сұранысқа ие және жаңа кәсіптер (мамандықтар) тізіміне сәйкес жүргізіледі.

Жабдық тізбесін қалыптастыруды және оқу-өндірістік жабдықтар жиынтығын сатып алуды Оператордың келісімі бойынша жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

**126. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

127. Комиссия "Жас маман" жобасына қатысу үшін ТжКБ ұйымдарының қорытынды тізбесін бекіткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде іріктелген ТжКБ ұйымдары мәлімделген кәсіптер (мамандықтар) бойынша қажетті жиынтықтаушы, ілеспе материалдары бар оқу-өндірістік жабдықтар жиынтықтарының тізбесін қалыптастырады.

Өнірлік комиссияның жұмыс органды 10 (он) жұмыс күні ішінде өз аймағы бойынша жабдықтар тізбесін жинақтауды жүзеге асырады және өнірлік комиссияның қарауына және бекітуіне шығарады.

Өнірлік комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді.

128. Өнірдің жабдық тізбесін айқындау жөніндегі өнірлік комиссиялар шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган Операторға белгілі бір жабдық тізбесін ұсынады.

**Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 23.10.2020 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.**

129. Жергілікті атқарушы органдан жабдықтар тізбесін алғаннан кейін Оператор мәлімделген кәсіптер (мамандықтар) бойынша жабдықтар тізбесі бойынша сараптамалық қорытынды алу үшін салалық қауымдастықтарды және/немесе сарапшыларды және/немесе ұйымдарды тартады және сараптамалық қорытындылармен және қажетті жабдықтар бойынша шетелдік серіктестердің (ұйымдардың) ұсынымдарымен жабдықтардың жиынтық тізбесін комиссияның қарауына және бекітуіне шығарады.

Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және оған төраға мен хатшы қол қояды.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда хаттамаға комиссия төрағасының орынбасары қол қояды.

130. Жабдық тізбесін бекіту туралы комиссияның шешімі жергілікті атқарушы органмен сатып алуды жүзеге асыруға негіз болып табылады.

131. ЖОО үшін жабдықтар тізбесін жоғары оқу орындары білім беру процесінің қажеттіліктеріне қарай дербес анықтайды.

132. "Жас маман" жобасын ТжКБ ұйымдары мен ЖОО-да іске асыру мониторингін Оператор жүзеге асырады.

133. Жұмыс органды (ТжКБ ұйымдары үшін) және білім беру саласындағы уәкілетті орган (ЖОО үшін) Оператормен бірлесіп жыл сайын жергілікті жерлерде "Жас маман" жобасын іске асыру нәтижелерін жинауды жүргізеді.

134. "Жас маман" жобасына қатысуышыларды ТжКБ ұйымдары мен ЖОО-на қабылдау № 578 және № 600 бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

135. "Жас маман" жобасының тұлектеріне № 39 және № 370 бұйрықтарға сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжат (диплом) беріледі.

136. Оператор жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган алдында "Жас маман" жобасын іске асыру барысы туралы есеп береді.

**2-параграф. "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарынғында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауды қаржыландыру тәртібі"**

137. "Жас маман" жобасы бойынша білікті кадрларды даярлауға ТжКБ ұйымдары үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен жабдықтар сатып алу және мәлімделген кәсіп (мамандық) бойынша шетелдік әріптестерді (ұйымдарды) тарту, ЖОО - лар үшін лизинг тетігі арқылы немесе ЖОО-ның меншікті қаражаты арқылы жабдықтар сатып алу көзделген.

138. ТжКБ ұйымдары үшін жабдықтар сатып алуды "Жас маман" жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер шенберінде жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

139. ЖОО үшін жабдықтар сатып алу лизинг тетігі арқылы және/немесе ЖОО-ның өз қаражаты есебінен іске асырылады.

140. Лизингтік қаржыландыру шарттары:

- 1) лизингтік қаржыландыру мерзімі 7 (жеті) жылға дейін;
- 2) сыйақы мөлшерлемесі-жылдық 11% - дан аспайды;
- 3) қаржыландыру валютасы-теңге;
- 4) лизинг алушы-ЖОО-дары;
- 5) лизинг нысанасы-жабдық және/немесе техника;

6) лизинг бойынша бастапқы жарна (аванс) – лизинг затының құнынан 10% кем емес;

7) лизингтік төлемдерді өтеу мерзімділігі – ай сайын аннуитеттік төлемдермен, оқу жылы кезеңінде (қыркүйек-мамыр);

8) комиссиялар – лизинг алушының лизинг шарттарын бұзуы себебінен алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, алынбайды.

141. ЖОО үшін лизингтік төлемдердің қайтарымдылығы ЖОО-ның өз қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

142. ЖОО шетелдік әріптесті (ұйымды) тартқанда шығыстар өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жабдықтарды өз қаражаты есебінен сатып алған кезде ЖОО-ы жабдықтаушылармен жабдықтарды сатып алуға және жеткізуге өз бетінше шарттар жасасады.

Лизинг механизмі арқылы жабдықты сатып алу кезінде ЖОО мен лизинглік компания арасында дербес шарттар жасалады.

**7-бөлім. ЖОО және колледждерде кәсіпкерлік негіздерін оқыту және қаржыландыруды ұйымдастыру тәртібі**

**1-параграф. ЖОО және колледждерде кәсіпкерлік негіздерін оқытууды ұйымдастыру тәртібі**

143. Кәсіпкерлік негіздеріне оқытудың қатысуышылары:

1) жоғары оқу орындарының және ТжКБ бітіруші топтарының білім алушы студенттері;

2) жоғары оқу орындарының және ТжКБ тыңдаушы - оқытуышылары;

3) бизнес-тренерлер.

144. Студенттерді кәсіпкерлік негіздеріне оқытууды бизнес-тренерлерді тарта отырып, ЖОО және ТжКБ оқытуышылары жүргізеді.

145. Кәсіпкерлік негіздерін оқытудың үйлестірушісі қаржылық емес қолдау операторы болып табылады – "Атамекен" ҰКП. Қаржылық емес қолдау операторы тыңдаушыларды оқыту үшін қажетті кәсіби біліктілігі мен дағдысы бар бизнес тренерледің тізімін іріктеуді және қалыптастырады.

146. Бизнес-жаттықтырушыларға үміткерлер ретінде қабылданады:

- кәсіпкерлік және білім саласында бизнес-жаттықтыруши ретінде кемінде 1 жыл жұмыс өтілі және тәжірибесі бар тұлғалар;

- қазақстандық және шетелдік сарапшылар берген тренердің сертификаты бар тұлғалар;

- 3 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар өндірістік кәсіпорындардың мамандары мен қызметкерлері.

147. Қаржылық емес қолдау операторы оқытушыларды даярлау кезеңінің басталуы туралы хабарландыруды 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Қаржылық емес қолдау операторының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырады. Хабарландыруда оқытуудың күні, уақыты және орны көрсетіледі.

148. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган қаржылық емес қолдау операторына кәсіпкерлік негіздеріне оқыту үшін оқытушылардың тізімін және базасында тыңдаушылар мен студенттерді оқыту жүзеге асырылатын ТЖКБ ұйымдарының тізбесін ұсынады.

149. Жоғары білім мәселелеріне жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше) қаржылық емес қолдау операторына кәсіпкерлік негіздеріне оқыту үшін оқытушылардың тізімін және базасында тыңдаушылар мен студенттерді оқыту жүзеге асырылатын жоғары оқу орындарының тізбесін ұсынады.

150. Қаржылық емес қолдау операторы білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен және құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, оқытушылар қатарынан 15 (он бес) адамнан кем емес және 50 (елу) адамнан аспайтын оқу қатысушыларының тобын қалыптастырады.

151. Тізбеге енген білім беру ұйымдары қаржылық емес қолдау операторына кәсіпкерлік негіздеріне оқытууды ұйымдастыру үшін аудиториялар, кабинеттер ұсынады.

152. Тыңдаушылар үшін кәсіпкерлік негіздеріне оқытууды қаржылық емес қолдау операторы әзірлеген оқу жоспарына сәйкес оқытуудың қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалана отырып, интерактивті және қашықтықтан оқыту түрінде бизнес-тренер жүргізеді.

153. Тыңдаушыларды оқыту мазмұны тиісті өнірде талап етілетін бизнес-жобалардың салық салу режимдерін, маркетинг негіздерін айқындау бөлігінде кәсіпкерлік қызметті жүргізу негіздерін зерделеуді көздейді. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту процесінің жалпы ұзақтығы 80 сағатты құрайды.

154. Кәсіпкерлік негіздері бойынша оқуды аяқтаған және жеке жұмысты тапсырған тыңдаушыларға қаржылық емес қолдау операторы бекіткен нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат беріледі.

155. Оқуды аяқтаған жоғары оқу орындарының тыңдаушылары қаржылық емес қолдау операторымен кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша студенттерге білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады.

156. Оқудан өткен тыңдаушылар студенттерді ЖОО-да және ТЖКБ-да кәсіпкерлік негіздеріне оқытууды жүргізеді.

157. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курсының мазмұны сәйкесінше өнірде қажетті бизнес-жобалар және басқа да тақырыптардың маркетинг негіздері, салық салу режімдерін анықтауда кәсіпкерлік қызметінің негіздерін жүргізуі зерттеуді қарастырады. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту үдерісінің жалпы мерзімі 36 сағатты құрайды.

158. Кәсіпкерлік негіздері бойынша оқуды аяқтаған және бизнес-жобаларды қорғаған студенттерге қаржылық емес қолдау операторы бекіткен нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат беріледі.

159. Тыңдаушылар мен студенттерді кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды аяқтау қорытындылары бойынша қаржылық емес қолдау операторы білім беру саласындағы уәкілетті органға оқудан өткендердің саны туралы еркін нысанда есеп береді.

#### **2-параграф. ЖОО және колледждерде кәсіпкерлік негіздерін оқытуды қаржыландыру тәртібі**

160. Колледждер мен жоғары оку орындарында кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды қаржыландыру Бағдарламамен көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік білімі  
бар кадрларды даярлауды, қысқа

мерзімді кәсіптік оқытуды,

"Мәңгілік ел жастары –

индустрия!" ("Серпін")

жобасы бойынша кадрлар

даярлауды, еңбек ресурстарын

және қыскартылатын

жұмыскерлерді қайта

даярлауды, "100/200" қағидаты

бойынша "Жас маман" жобасы

шешберінде еңбек нарығында

сұранысқа ие білікті кадрлар

даярлау, сондай-ақ колледждер

мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік

негіздеріне оқытуды

ұйымдастыру және

қаржыландыру, қағидаларына

1-қосымша

#### **Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауга үміткерлер туралы ақпарат**

---

(республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, жергілікті атқарушы органдарының атавы)

№ т/т	Тегі, аты, аты (бар) әкесінің (бар) жылы	Түүлған күні, айы, мекен- жайы	Тұратын бітіруші	9 - сынып бітіруші	11 - сынып бітіруші	Оқыту өнірі	Жеке сәйкестендіру нөмірі	Білім беру ұйымының атауы	Таңдаған мамандық	Оқыту мерзімі
-------	---	---	---------------------	-----------------------	------------------------	----------------	---------------------------------	---------------------------------	----------------------	------------------

	болған жагдайда)							
1.								
2.								
3.								
Барлығы:								

Техникалық және кәсіптік  
бар кадрларды даярлауды  
мерзімді кәсіптік оқыту  
"Мәңгілік ел жастағы  
индустрияға!" ("Сер  
жобасы бойынша қалыпта  
даярлауды, еңбек ресурстар  
және қысқартылатын  
жұмыскерлерді қалыпта  
даярлауды, "100/200" қалыпта  
бойынша "Жас маман" шеңберіндегі еңбек нарындар  
сұраныска ие білікті кандидаттарды  
даярлау, сондай-ақ коллекторлар  
мен ЖОО-ларда кәсіптік  
негіздеріне оқыту  
ұйымдастыру және  
қаржыландыру, қағида  
2-қосымша

Нысан

**Бағдарламаға қатысушысын оқытуға №\_\_\_\_\_ жолдама**

**Бағдарламаның**

**қатысушысы \_\_\_\_\_**

**(қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жагдайда))**

**облыстырының**

**(облыстық маңызы бар қаланың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың)**

аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган/қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері аудандық (қалалық) комиссияның шешімі негізінде

---

(білім беру үйімінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)  
\_\_\_\_\_ ай мерзімге "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. дейін оқуға жіберіледі.

Аудандық (қалалық) деңгейдегі  
білім беру саласындағы жергілікті  
атқарушы органның басшысы/ қаладағы аудан,  
аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл,  
ауылдық округ әкімдіктерінің әкімі

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

қолы\_\_\_\_\_

Берілген күні "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

М.О.

-----  
(қиуо сыйығы)

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға/ қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдігіне қайтарылады.

№ Жолдамаға хабарлама

---

(білім беру үйімінің атауы)

Бағдарламаның қатысуышы \_\_\_\_\_

(қатысуышының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

20\_\_ жылғы "\_\_\_" — \_\_\_\_\_ 201\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_ бұйрыққа сәйкес

(мамандықтың атауы) мамандығы бойынша 201\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_ ай мерзімге оқуға қабылданғанын хабарлайды.

Білім беру үйімінің жауапты өкілі \_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

## Мөр орыны

Техникалық және кәсіптік білімі  
бар кадрларды даярауды, қысқа  
мерзімді кәсіптік оқытууды,

"Мәңгілік ел жастары –  
индустрияға!" ("Серпін")  
жобасы бойынша кадрлар  
даярауды, еңбек ресурстарын  
және қыскартылатын  
жұмыскерлерді қайта  
даярауды, "100/200" қағидаты  
бойынша "Жас маман" жобасы  
шенберінде еңбек нарығында  
сұранысқа ие білікті кадрлар  
даярау, сондай-ақ колледждер  
мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік  
негіздеріне оқытууды  
ұйымдастыру және  
қаржыландыру, қағидаларына

3 - қосымша

Нысан

Оқу орнының басшысы

---

(басшының тегі, аты, әкесінің  
аты (ол бар болған жағдайда)

---

(тұратын мекен-жайының атауы)  
мекенжайы бойынша тұратын

---

(қатысуышының тегі, аты,  
әкесінің аты (ол бар болған  
жағдайда))

## Отініш

Мені "Бағдарлама қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз етудің" бірінші бағыты бойынша Бағдарлама қатысушыларының тізіміне қосуды сұраймын.

Косымша бетте:

- 1) жеке басын қуәланыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) білімі туралы құжат (аттестат, қуәлік, диплом), сондай-ақ бар болған жағдайда оқығанын растайтын құжаттар (куәлік, сертификат);
- 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрігімен бекітілген 086-У нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 4) әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтар санатын растайтын анықтама (болған жағдайда);
- 5) жолдама.

Мерзімі 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_  
қолы

(қиу сзығы)

Азамат (азаматша) \_\_\_\_\_ өтініші  
20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ қабылданды, №\_\_\_\_ тіркелді.

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), лауазымы және қолы:

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_  
қолы

\*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жаупты.

Техникалық және кәсіптік білімі  
бар кадрларды даярлауды, қысқа  
мерзімді кәсіптік оқытуды,  
"Мәнгілік ел жастары –  
индустрияга!" ("Серпін")  
жобасы бойынша кадрлар  
даярлауды, еңбек ресурстарын  
және қысқартылатын  
жұмыскерлерді қайта  
даярлауды, "100/200" қагидаты  
бойынша "Жас маман" жобасы  
шешберінде еңбек нарығында  
сұранысқа ие білікті кадрлар  
даярлау, сондай-ак колледждер  
мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік  
негіздеріне оқытуды  
ұйымдастыру және  
каржыландыру, қағидаларына  
4 - қосымша

Әкімшілік деректер жинауга  
арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған:  
[www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)

Бағдарламаға қабылданған қатысушылары туралы есеп

Есептік кезең 20\_\_ - 20\_\_ оқу жылы

Индекс: № 1-1-КД нысаны

Кезеңділіг: жылына бір рет

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: Оқу орындары облыстардың және  
республикалық маңызы бар қаларалардың, астананың білім саласындағы  
жергілікті атқарушы органдарына 1 қазанға дейін

P/c №	Қабылданған қатысушылардың нөмірі	Жеке сәйкестендірү нөмірі	Жасы	Мамандық, атауы	кәсіп атауы	Оқыту атауы	тобының О
-------	---	------------------------------	------	--------------------	----------------	----------------	--------------

	Tегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)					
1	2	3	4	5	6	7

Аталуы

\_\_\_\_\_

Телефондары \_\_\_\_\_

Электрондық поштаниң адресі \_\_\_\_\_

Жауапты тұлға \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға

\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Мөр орны

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Бағдарламаға қабылда  
қатысушылары туралы  
нысанына  
қосымша

**Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Бағдарламаға қабылданған  
қатысушылары туралы есеп" (Индекс № 1-1-КД нысаны, кезеңділігі жылына бір рет) 1-тарау.**

**Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Бағдарламаға қабылданған қатысушылар туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірынғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды оқу орындары толтырады және облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органына ұсынады.

3. Нысанға оқу орнының басшысы не оның міндетін атқарушы адам, оның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып қол қояды.

4. Нысан жылына бір рет 1 қазанға дейін ұсынылады

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1. Нысанның 1-бағанында реттілік нөмірі көрсетіледі.

2. Нысанның 2-бағанында қабылданған қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі.

3. Нысанның 3-бағанында қабылданған қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

4. Нысанның 4-бағанында қабылданған қатысушының жасы жылмен көрсетіледі.

5. Нысанның 5-бағанында қабылданған қатысушының мамандығы, кәсібі көрсетіледі.

6. Нысанның 6-бағанында оқу тобының атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 7-бағанында оқу жылы көрсетіледі.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қыска мерзімді кәсіптік оқытуды, "Мәнгілік ел жастары – индустрияға!" ("Серпін") жобасы бойынша кадрлар даярлауды, еңбек ресурстарын және қыскартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлау, сондай-ақ колледждер мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды үйымдастыру және қаржыландыру, қағидаларына 5 - қосымша

Әкімшілік деректер жинауга арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған:  
[www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)

**Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау барысы туралы есеп**

Есептік кезең 20\_\_ - 20\_\_ оқу жылы

Индекс: № 1-КД нысаны

Кезеңділіг: ай сайын

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: Оқу орындары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға айдан кейінгі айдың 1- күніне

Мамандықта р атауы	Біліктілік атауы	Оқу мерзімі	Өтініш берген адам саны	Оқуга қабылданған адам саны	Оқып жатқан студенттер саны (жаңа кабылданған дар және бітіргендег өткен курстардан калғандар есебімен)	Оқуды саны	Оқудан шығарылғанд ар саны	Адам аяқтамаға турлөрі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

## Кестенің жалғасы:

Адам саны, окуды аяқтамаган себептері, түрлері

Ішкі тәртіпті бұзғандар	Өз кеткендер	Енсаулығына байланысты	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер қатарына шақырылғандар	Жұмысқа орналасқандар	Қайтыс болғандар	Түү, күтімі байланыст демалыстағыла р	бала	Тұракты мекендерін ауыстырғанд
11	12	13	14	15	16	17	18	

Аталуы

\_\_\_\_\_

Телефондары \_\_\_\_\_

Электрондық поштаның адресі \_\_\_\_\_

Жауапты тұлға \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға  
\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Мөр орны

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Техникалық және кәсіптік кадрларын даярлау барысы туралы есептің нысанындағы мәтінде көрсетілген нысаның міндеттілігін анықтауда қаралады.

**Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Техникалық және кәсіптік білім кадрларын даярлау барысы туралы есеп" (Индекс № 1-КД нысаны, кезеңділігі ай сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме "Техникалық және кәсіптік білім кадрларын даярлау барысы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі - нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындауды.

2. Нысанды оқу орындары толтырады және облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органына ұсынады.

3. Нысанға оқу орнының басшысы не оның міндеттін атқарушы адам, оның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып қол қояды.

4. Нысан ай сайын, есептің 1-күніне дейін ұсынылады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1. Нысанның 1-бағанында мамандықтың атауы көрсетіледі.
2. Нысанның 2-бағанында біліктіліктің атауы көрсетіледі.
3. Нысанның 3-бағанында оқыту мерзімі көрсетіледі.
4. Нысанның 4-бағанында өтініш берген адамдар саны көрсетіледі.
5. Нысанның 5-бағанында окуға қабылданған адамдардың саны көрсетіледі.
6. Нысанның 6-бағанында оқып жатқан студенттер саны (жана қабылданғандар және өткен курстардан қалғандар есебімен) көрсетіледі.
7. Нысанның 7-бағанында оқуды бітірген адамдардың саны көрсетіледі.
8. Нысанның 8-бағанында оқудан шығарылған адамдардың саны көрсетіледі.
9. Нысанның 9-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сабакты қалдыру себебі бойынша оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.
10. Нысанның 10-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сабак үлгермеу себебі бойынша оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.
11. Нысанның 11-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан ішкі тәртіпті бұзу себебінен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.
12. Нысанның 12-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан өз еркімен оқуды аяқтамаған адамдар саны көрсетіледі.
13. Нысанның 13-бағанында шығарылғандар жалпы санынан деңсаудық жағдайына байланысты оқуды аяқтамаған адамдар көрсетіледі.
14. Нысанның 14-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына алынғандар саны көрсетіледі.
15. Нысанның 15-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жұмысқа орналасу себебімен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.
16. Нысанның 16-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан қайтыс болғандар саны көрсетіледі.
17. Нысанның 17-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан жұктілігіне, босану және бала күтіміне байланысты демалыс алғандар көрсетіледі.
18. Нысанның 18-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан тұрақты орнын ауыстырғандар саны көрсетіледі.
19. Нысанның 19-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан басқада жағдайлар бойынша оқуын аяқтамаған адамдар саны көрсетіледі.

Техникалық және кәсіптік білімі  
бар кадрларды даярлауды, қысқа  
мерзімді кәсіптік оқытуды,  
"Мәңгілік ел жастары –  
индустрияға!" ("Серпін")  
жобасы бойынша кадрлар

даярлауды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, "100/200" қағидаты бойынша "Жас маман" жобасы шенберінде еңбек нарығында сұраныска ие білікті кадрлар даярлау, сондай-ақ колледждер мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды үйымдастыру және қаржыландауды, қағидаларына

6 - қосымша

Әкімшілік деректер жинау үшін арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған:  
[www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)

#### Техникалық және кәсіптік білім беру кадрларын даярлау барысы туралы есеп

Есептік кезең 20\_\_ - 20\_\_ оку жылы

Индекс: № 2-КД нысаны

Кезеңділіг: ай сайын

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы:: Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган есепті айдан кейінгі айдың 3-ші күніне, Халықты жұмыспен қамту орталығына, Білім беру саласындағы уәкілетті органға есепті айдан кейінгі айдың 5-ші күніне

Есептегі жылға техникалық білімі бар және кәсіптік білімі бар кадрлар даялаудың қабылдау жоспары	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлар даярауды руға шарт жасалған оку орындарын ың саны	Мамандық атауы	Біліктілік атауы	Оку мерзімі	Өтініш берген адамдардың саны	Окуға қабылданға н адамдардың саны	Оқып жаткан студенттер (бұрынғы курстардан өткендер мен жаңа кабылдауды есепке ала отырып) саны	Окуын аяқтаған адамдардың саны	Окудан шығып кеткен адамда саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

#### Кестенің жалғасы:

Әртүрлі себептерге байланысты окуын аяқтамаған адамдардың саны

Сабактан қалғандар	Үлгермеу себебінен	Ішкі тәртіпті бұзғандар	Өз өтінішімен	Денсаулығы на байланысты	КР күштерінің шүғыл	Карулы орналасу себебімен	Жұмысқа бөлгөн	Жүктілік, босану, бала күтіміндегі	Тұрақты мекенжай
-----------------------	-----------------------	-------------------------------	------------------	--------------------------------	---------------------------	---------------------------------	-------------------	--	---------------------

			кеткендер		кызметтіне шақырту алғандар	шығып кеткендер		демалыстағылар	аудыстырылған байланыс
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Аталуы

---



---

Телефондары \_\_\_\_\_

Электрондық поштаның адресі \_\_\_\_\_

Жауапты тұлға \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Басшы немесе қол қоюға уәкілетті тұлға  
\_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

Мөр орны

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Техникалық және кәсіптік  
кадрларын даярлау барысы  
туралы есебіне нысандар  
қосымша

**Әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсіндірме "Техникалық және кәсіптік білім кадрларын даярлау барысы туралы есеп" (Индекс № 2-КД нысаны, кезенділігі ай сайын)**

**1-тарау. Жалпы ережелер "Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрладын даярлау барысы туралы есеп" нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

- Нысанның 1-бағанында есептегі жылға арналған ТжКБ кадрларын даярлауға қабылдау жоспары көрсетіледі.
- Нысанның 2-бағанында ТжКБ кадрлар даярлауды ұйымдастыруға шарт жасалған оку орындарының саны көрсетіледі.
- Нысанның 3-бағанында мамандықтың атауы көрсетіледі.
- Нысанның 4-бағанында біліктіліктің атауы көрсетіледі.
- Нысанның 5-бағанында оқыту мерзімі көрсетіледі.
- Нысанның 6-бағанында өтініш берген адамдар саны көрсетіледі.
- Нысанның 7-бағанында оқуға қабылданған адамдардың саны көрсетіледі.
- Нысанның 8-бағанында оқып жатқан студенттер саны (жаңа қабылданғандар және өткен курсардан қалғандарды қоса есептегендеге) көрсетіледі.
- Нысанның 9-бағанында оқуды бітіргендер саны көрсетіледі.
- Нысанның 10-бағанында оқудан шыгарылған адамдардың саны көрсетіледі.

11. Нысанның 11-бағанында ағымдағы жылы оқуды бітіргендердің ішінде жұмысқа орналасқандардың саны көрсетіледі.

12. Нысанның 12-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сабакты қалдыру себебі бойынша оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

13. Нысанның 13-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан сабак үлгермеу себебі бойынша оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

14. Нысанның 14-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан ішкі тәртіпті бұзу себебінен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

15. Нысанның 15-бағанында шығарылғандардың жалпы санынан өз еркімен оқудан шыққан адамдар саны көрсетіледі.

16. Нысанның 16-бағанында шығарылғандар жалпы санынан деңсаулық жағдайына байланысты оқуды аяқтамаған адамдар саны көрсетіледі.

17. Нысанның 17-бағанында шығарылғандар жалпы санынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарына алынғандар саны көрсетіледі.

18. Нысанның 18-бағанында шығарылғандар жалпы санынан жұмысқа орналасу себебімен оқуды аяқтамаған адамдардың саны көрсетіледі.

19. Нысанның 19-бағанында шығарылғандар жалпы санынан қайтыс болғандар саны көрсетіледі.

20. Нысанның 20-бағанында шығарылғандар жалпы санынан жүктілігіне, босану және бала күтіміне байланысты демалыс алғандар саны көрсетіледі.

21. Нысанның 21-бағанында шығарылғандар жалпы санынан тұрақты мекенжайын ауыстырғандар саны көрсетіледі.

22. Нысанның 22-бағанында шығарылғандар жалпы санынан басқада жағдайлармен оқуды аяқтамаған адамдар саны көрсетіледі.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қыска мерзімді кәсіптік оқытуды,  
"Мәңгілік ел жастары –  
индустрияға!" ("Серпін")  
жобасы бойынша кадрлар  
даярлауды, еңбек ресурстарын  
және қыскартылатын  
жұмыскерлерді қайта  
даярлауды, "100/200" қағидаты  
бойынша "Жас маман" жобасы  
шенберінде еңбек нарығында  
сұранысқа ие білікті кадрлар  
даярлау, сондай-ақ колледждер  
мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік  
негіздеріне оқытуды  
ұйымдастыру және  
каржыландыру, қағидаларына

Әкімшілік деректер жинау  
үшін арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған:  
[www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға қабылданған қатысуышылар туралы  
ақпарат

Есептік кезең 20\_\_ - 20\_\_ оқу жылы

Индекс: № 2-2- КД нысаны

Кезеңділіг: тоқсан сайын, ай сайын

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: Облыстардың және республикалық маңызы бар қаларалардың, астананың білім саласындағы жергілікті атқарушы органды тоқсан сайынғы есептік кезеңнен кейінгі айдың 3 күніне, жұмыспен қамту орталықтарына, ай сайынғы есептік кезеңнен кейінгі айдың 5 күніне білім саласындағы уәкілетті органға

